

Жеңілдікпен жол журу туралы

Жамбыл облысы Сарысу ауданы мәслихатының 2012 жылғы 27 наурыздағы N 3-9 шешімі. Сарысу аудандық Әділет басқармасында 2012 жылғы 5 сәуірде 6-9-132 нөмірімен тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6 - бабының 1 тармағының 2) тармақшасына және 47 - бабының 4 тармағының 1) тармақшасына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Жаңатас қаласының меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, барлық білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысаны бойынша білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне қала ішіндегі қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жол жүруі қолданыстағы тарифінің 70 пайызын төлеу түрінде жеңілдікпен белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау ауданның әлеуметтік-экономикалық аумағының дамуы, қаржы және бюджет, қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты пайдалану, әкімшілік-аумақтық бөліністі айқындау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы **Б.Көкебаевқа** жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген кезінен бастап күшіне енеді, алғаш ресми жарияланған кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа е н г і з і л е д і .

Аудандық мәслихат

сессиясының төрағасы

Т.Блалиев

Б.Дондаұлы

Аудандық мәслихат

хатшысы